

AQTÓĞAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығарылады

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№5 (7842)
Жұма
4 ақпан
2022 жыл

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Хабар» телеарнасына берген сұхбаты

Қ.ТОҚАЕВ: «АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ»

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, уақыт бөліп, қазақстандық БАҚ өкілі ретінде маған сұхбат беруге келіскеніңіз үшін Сізге көп рахмет. Өйткені, мен Ақордаға сирек келетін, арнайы пұлдың құрамына кірмейтін журналисттің. Соған қарамастан, осындай мүмкіндікке ие болып отырмын. Бұл үшін алғысым шексіз...

– Шын мәнінде, кейінгі кезде сұхбат алу жөнінде маған отандық және шетелдік телекомпаниялардан көп өтініштер түсіп жатыр. Олардың бәрін бар тарттым. Тек «Хабар» телеарнасына, соның

содырлар жалданған террористік операция екені анық. Өзіңіз білесіз, олар Алматының әуежайына шабуыл жасады. Қазір тергеу амалдары барысында әуежайды Орталық Азиядағы қалалардың бірінен ұшып келген адамдарды күтіп алу үшін әдейі басып алғаны анықталып жатыр.

Сырттан келгендер – арнайы дайындалған содырлар мен олардың командирлері. Ланкестер гастарбайтерлер ретінде ұшып келіп, шекаралық өткізу бекеттерінен кедергісіз өткен. Сөйтіп қалаға кіріп жоспарлы операцияларды басқарған. Кейін



ішінде президенттік пулға кірмесеңіз де, Сізге ғана мүмкіндік беріп отырмын. Кәсіби мамансыз. Бүгін өте тұшымды әңгіме болады деп сенемін.

– Бүгін, шын мәнінде, тарихи сәт. Себебі бәрімізді әлі де алаңдатып отырған қасіретті қаңтар оқиғасынан кейін алғаш рет отандық БАҚ өкіліне сұхбат берсеңіз отырсыз. «Енді не болады» деген қобалжу да бар.

Мен сол оқиғалар кезінде өзімнің сүйікті қалам – Алматыда, демалыста едім. Яғни, болған оқиғаның бәрін өз көзіммен көрдім десем де болады.

Расында, терезенің арғы жағында жарылған ұраната ма әлде «Калининковтың» кезекті оқ жаудыруы ма айыра алмадық. Бәріміз бұл сұмдықтың тезірек аяқталуын тіледік. Сол оқиғалардан кейін біраз уақыт өтсе де, көпшіліктің көкейінде көп сұрақ қалды. Әркім әртүрлі айтып, сан-саққа жүгірмеді. Бұл, шын мәнінде, бұзақылыққа ұласып, бақылаусыз кеткен бейбіт шеру ме әлде алдын ала жоспарланған мемлекеттік төңкеріс пе? Шын мәнінде не болды?

– Бұл – алдын ала жоспарланған қастандық әрекет. Наразылықтар бейбіт митингілерден басталып, соңы бұзақылыққа, тонаушылыққа ұласты. Осы оқиғалар – кәсіби адамдардың ойластырған және солардың жүзеге асырған жымсық операциясы. Әуелі жұртшылық бейбіт митингке шықты.

Демонстранттарға қарсы күш қолданылған жоқ, қолданылуы да мүмкін емес еді. Келесі лекпен олардың орнына жәй ғана бұзақылық істеп, полиция қызметкерлеріне сес көрсетіп, тас лақтырып жүрген жастар келді. Артынша үшінші толқын жалғасты. Бұлар арнаулы дайындықтан өткен кәсіби ланкестер басқарған тонаушылар, кісі өлтірушілер, зорлық жасаушылар еді. Содырлар күштік органдар ғимараттарының орналасқан жерін өте жақсы білген және сол нысандарға шабуыл жасады. Ланкестерді материалдық құндылықтар қызықтырған жоқ, оларға қылмыстық істер, құқық қорғау қызметкерлерінің жеке құжаттары керек болған. Яғни, мұның өте мұқият ойластырылған, шетелдік

құқық қорғау органдары күш алып, қайыра сокқы бергенде, тез арада сол Алматы әуежайы арқылы ұшып кеткен. Сондықтан тағы да қайталап айтамын, бұл – жоспарлы түрде жүргізілген операция. Олардың максаты – мемлекеттік институттарды жою, конституциялық құрылымға нұқсан келтіру, түптеп келгенде билікті басып алу. Дегенмен, әлі де тергеу жүргізілуде. Бәрі де анықталады.

Енді, «Бұған олар қалай қол жеткізді?» деген сұрақ қойғыңыз келіп отырған шығар. Қазір біз ауқымды тергеу-тексеру жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Өкінішке қарай, дәл осындай жағдайда құқық қорғау органдарының нақты әрекет ету алгоритмі болмай шыққаны анықталды.

Мен Мемлекет басшысы ретінде командалық-штабтық, әскери бірнеше оқу-жаттығу жиынына қатыстым. Бұл жаттығулар шынайы жағдайлар, соның ішінде Алматыда болған оқиғалар кезінде ешқандай пайдаға аспады.

Біздің ұстанымымыз – демонстранттарға қарсы қару қолданбау. Полиция қызметкерлерінде атыс қаруы болған жоқ. Оларда тек дыбысты граната, көзден жас ағызатын газ және сумен атқылайтын техника ғана болды. Бірақ бұл машиналарды қолдана алмады. Себебі бұзақылар тартып алған. Ал содырлар бейбіт демонстранттарға қарсы қару қолданбау жөнінде полиция қызметкерлеріне бұйрық берілгенін білген. Қолдарында тек күрек пен сойыл ғана бар жас десанттар өте қатты зардап шекті. Бұзақылар оларды шешіндіріп, Президент резиденциясына шабуыл кезінде тірі қалқан ретінде пайдаланған. Олар әйелдерді де аямаған, тіпті ешқандай ауыштық сезім болмаған. Тергеу барысында ланкестердің қарулы қатығыс кезінде есірткі тұтынганы анықталып жатыр. Қақтығыстардың соңына қарай күштік құрылымдар қару қолданып, содырлардың аяқтарынан атқан. Сол кезде олар жараланып құласа да, ауырсынуды білмеген, тіпті сезбеген. Міне, бұл да олардың өте мұқият дайындалып келгенін көрсетеді.

Бұзақылардың көпшілігі Алматыдағы бес жұлдызды қонақ үйде жатқаны анықталды. Олардың ақшасын кім төледі? «Қазақстан» қонақ үйінің

(Жалғасы 4-бетте.)

Күшіміз – бірлікте!

Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік!

29 қаңтар күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Хабар» арнасына эксклюзивті сұхбат берді. Онда Президент елімізде орын алған оқиғаларға байланысты өте өзекті деген мәселелерге тоқталып, елдік мұраттарды әрдайым биік қоятынын айтып, салиқалы пікірін білдірді. Соның ішінде террорлық актке қарсы күрес туралы да әңгіме қозғай кетті.

Бүкіл елдің жауапкершілігі Президенттің мойнына артылғаны рас. Осынау сындарлы сәтте Мемлекет басшысы батыл қадам жасады деп есептейміз. Себебі, бұл оқиға мемлекеттімізге қауіп төндіріп тұрған еді. Түптеп келгенде, елдің территориялық тұтастығы жөнінде де алаңдаушылық туғызды. Сондықтан да, Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы дер кезінде шешім қабылдады.

Жалпы, қаңтардағы жаппай тәртіпсіздікке ұласқан оқиға елімізге ауыр тиді. Дегенмен, бүкіл Қазақстан халқы «қайғылы қаңтар» оқиғасының салдарын жоюда күш біріктірді.

Қазақстан Президенті Қ.Тоқаевтың табанды және уақытты жүзеге асырған шешімдерінің, сондай-ақ қазақстандықтардың бірлігі мен татулығының арқасында

біз тарихымыздағы күрделі кезеңді еңсере алдық.

Бүгінде біз еліміздің экономикасын, саясатын, әлеуметтік саласын терең құру процесіне – жаңа Қазақстанды құру мен дамыту кезеңіне аяқ басудамыз. Президенттің осы маңызды және уақытты бастамаларын қолдауымыз қажет. Ортақ күш-жігерімізбен елімізді бұдан да қуатты және гүлденген елге айналдыратынымызға нық сенімдіміз.

Көпшілікке белгілі, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры құрылды, бұл ұйым денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт сияқты салаларда Қазақстан халқына әлеуметтік көмек көрсету бойынша міндеттерді орындайтын болады.

Отанымыздың тарихындағы осы жауапты кезеңде әрқайсысымыз Тәуелсіздігіміздің басты құндылығы – бірлік пен келісімді көздің қарашығындай сақтап, жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік!

Н.Сейтов,
Тасарал ауылдық округінің әкімі.

Өзекті сауалдарға нақты жауап

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарихта «Қасіретті қаңтар» атауымен есте қалатын тәртіпсіздіктерден кейін алғаш рет егжей-тегжейлі сұхбат беріп, көптің көкейінде сансыз сауал қалдырған жағдайларға қатысты жауабын берді. Сұхбаттың ерекшелігі – тәртіпсіздік кезінде ескертусіз оқ атуға рұқсат етуге, Еуропарламенттің еліміздегі оқиғалар бойынша қарар қабылдап, халықаралық тергеу жүргізуді талап еткенде, өзімізде де адал әрі әділ мамандар бар екенін алға тартып, «тергеу жүргізу өзіміздің де қолымыздан келеді» деп, бас тартуына, ҰШҚБ бітімгершілерінің шақырылуына қандай себептер әсер еткені, нені басшылыққа алғаны жайлы жан-жақты айтылатындығында.

Президент телеарнаға берген сұхбатында «Болашақ» бағдарламасымен техникалық мамандарды Ресейде оқыту жөнінде пікір білдірді. «Әрине, ешқандай міндеттеу жоқ, мен жай ғана Ресейге оқуға жіберген дұрыс деген жорамалымды айттым. Біз стратегиялық серіктестер болғандықтан, бірлескен кәсіпорындар, оның ішінде ірі бизнеске қатысты кәсіпорындар бар, бізге Ресейде оқитын техникалық кадрлар қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысы Батыстың оқу орнының дипломының болуы жоғары білім көрсеткіші еместігін атап өтті. «Бірақ, онда өзіндік айрықша білім бар екенін түсіну керек. Одан бөлек, мен батыстық білімді дәріптесем едім. Онда да өз проблемалары бар және біз Батыс университеттері де диплом шығаратын кеңселерге айналып жатқанын білеміз. Ақшаны төле де, біраз уақыттан кейін дипломды ала бер, кейбір жастарымыз мұны пайдаланып жүр», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жалпы, еліміздің жастарға жасап жатқан мемлекеттік қолдауы аз емес. «Болашақ» халықаралық стипендиясы 1993 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Ресми мәліметтерге сүйенсек, аталған стипендия бойынша 14 мыңнан астам қазақстандық мұхит асып, шетелде білімін жетілдіріп келген. Бүгінгі таңда «Болашақ» қарапайым жастардың дүниенің төрт бұрышына барып, «инмен құдық қазып» қайтуына жасалған теңдессіз мүмкіншілік. Оған қоса, дәл «Болашақ» секілді бағдарламаның баламасы әлемде некен-саяқ. Бұл – жастарға қанат бітіретін бағдарлама.

Сондай-ақ, Президентіміз қазіргі жастардың қызығушылығы жөнінде де өз пікірін білдірді. «Қазір адамдар TikTok пен Facebook-ті қарайды. Бірақ, олардың 1 беттен артық ақпаратты оқуға шыдамы жетпейді. Олар ақпаратты тек мәтін түрінде емес, визуалдық күйде тұтынады.

Бұл – үлкен проблема. Өкінішке қарай, әлде мүмкін бақытымызға орай деуіміз керек те шығар, біз де осыған бейімделуіміз керек», – деді Президент. Меніңше, сұхбатта өзекті мәселелер төңірегінде Президент барлық сауалдарға жан-жақты жауап берді. Әрине, қиын күндер артта қалды. «Қаңтар қасіреті» енді елімізде ешқашан қайталанбасын дейміз. Президентіміз Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталатынын айтты.

Н.Өміржанова,
ауданның жастар ресурстық орталығының маманы.

АҚТОҒАЙ АЖАРҮ 2 4 ақпан 2022 жыл

Ақтоғай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021 жылғы қорытындылары және алда тұрған міндеттер туралы аудан әкімі С.Әбеуованың есебі

Құрметті аудан тұрғындары!

Әр жыл – тарих парағындай өзіндік ерекшелігімен өніп, соныңда келер ұрпақ үшін өшпестей із қалдыраы ақиқат. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының «Қасіретті қаңтар» сабағы: қоғам тұтастығы – Тәуелсіздік кепілі» атты баяндамасында еліміздің өткен оқиғалардан сабақ алып, жаңа Қазақстанды құрудың алғышартын жасалды деп айтуға негіз бар.

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бетпе-бет келгенде болып жатқан қиындықтарға қарамастан, өткен жыл еліміз үшін өзгерістерге толы жыл болды деуге болады. Ең алдымен, барша отандастарымыз секілді ауданымыз ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейлі мерекесін лайықты табыстармен атап өтті. Мерейтой қарсаңында Қарағанды қаласындағы Октябрь ауданына Ұлт көсемі, Алашорда үкіметінің негізін қалаған жерлесіміз, бар ғұмырын ұлтқа қызмет ету жолына арнаған Әлихан Бөкейханның есімі берілуі жалпы қазақ халқы үшін айтулы оқиға, тарихи сәт болды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында біздің алдымызға пандемиядан кейінгі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық даму, жұмыс орындарын және халықтың табысын сақтау, азаматтарымыздың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау, құқықтарын қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, жемқорлыққа қарсы күресті күшейту міндеттерін қойды.

Еліміздің жаңа даму бағдарын айқындаған жауапты 2021 жыл ішінде ауданда экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған жұмыстар Мемлекет басшысының бағдарламалары мен облыс әкімдігінің тапсырмалары аясында жүргізілді. Нәтижесінде экономикада тұрақты өсім қалыптасты, даму көрсеткіштері де ілгеріледі. Осы мерзімде атқарылған жұмыстарды, алдағы маңызды деген бірқатар міндеттерді, жылдың ерекшеліктерін сіздердің назарларыңызға ұсынуудың да кезегі келді.

Еліміздің экономикасын өрістетіп, халықтың тұрмыс деңгейі мен әл-ауқатын арттыру үшін тартымды инвестициялық ахуал қалыптастыру – басты міндет.

2021 жылы негізгі қорға тартылған **ИНВЕСТИЦИЯ** көлемі 28,3 млрд теңгені құрады. Өткен жылы ауданымызда ауқымды жұмыстар атқарылды. Әртүрлі мемлекеттік және салалық бағдарламалар аясында және жеке сектор қаражаты есебінен құрылыс салу, жөндеу және елді мекендерді көркейту жұмыстары кең көлемде жүргізілді. «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы арқылы 2020 жылы бастау алып, 2021 жылға жалғасқан Ақтоғай ауылындағы демалу саябағын қалпына келтіру жобасына 88,7 млн. теңге және Сарышаған кентіндегі Тәуелсіздік, Ынтымақ, Достық көшелерінің, Сәуле ауылының Қоңырат, Бейбітшілік және Үшарал ауылының Бәйтерек көшелерінің автомобиль жолдарын орташа жөндеуге 328,2 млн. теңге қаржы қаралып, 35 жаңа жұмыс орны ашылды. «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» бойынша 601 млн. теңге қаралып, 560 млн. теңгесі игерілді. Бағдарлама аясында біршама жобаларға металдық құжаттар дайындау және сараптамадан өткізу шаралары іске асырылған болса, сонымен қатар: Ақши ауылына ауыз су құбыры желісін салуға 140,7 млн теңге аудандық бюджеттен қаралып, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі 2022 жылға жоспарланған. "Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы бойынша Ақтоғай ауылындағы солтүстік-батыс мөлтек ауданында төрт 16 пәтерлі тұрғын үй құрылысына 100 млн. теңге және аз қамтылған көпбалалы отбасыларға тұрғын үй сатып алуға 84 млн. теңге жұмсалды.

«Қазақстан Республикасының 2017-2021 жылдарға арналған агроөнеркәсіптік кешенді дамыту» бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді және эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 215 млн. теңге қаралып, қаржы толық игерілді.

«ҚазАгроХолдинг» АҚ арқылы ауыл шаруашылығы саласын микрокредиттеу мемлекеттік бағдарламасы арқылы барлығы 80 жоба мақұлданып, 433 млн. теңге несие қаражаты алынды. Оның ішінде мал шаруашылығын дамытуға 35 жобаға 175 млн. тт. несие қаражаты берілді. Бұл қаражатқа 73 бас ірі қара, 330 бас жылқы, 68 бас ұсақ мүйізді мал сатып алынды. «Ақтоғай» несие серіктестігі арқылы «Іскер» бағдарламасы аясында 7 жобаға жалпы соммасы 42 млн. тт. несие қаражаты беріліп, 109 бас жылқы малы алынды.

Қуатты **ӨНЕРКӘСІП** еліміздің қауіпсіздігінің негізі болып табылады. Аудан экономикасын дамытудың басты көзі болып табылатын өнеркәсіп кәсіпорындары өткен жылы 141,1 млрд. теңгенің өнімдерін өндірді.

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі көрсеткіштерін аудан бойынша 5 орта және шағын деңгейдегі кәсіпорындар: «Алтыналмас АҚ» АҚ кәсіпорны, тау-кен өндірісіндегі «Балқаш тау-кен» кәсіпорны, «Балхашбалық» кәсіпорны, «Алтыналмас Technology» ЖШС және тоқпен жабдықтаудағы Сарышаған тоқпен жабдықтау дистанциясы құрады. Есепті мерзімде аталған 5 кәсіпорынның өндірген өнімі 110 млрд 346,6 млн.теңге, жалпы өнеркәсіп өндірісі өнімінің 78,2%-ы.

Ауданға инвестиция тарту, тау-кен өндірісін дамыту бағытында алдағы жылдары бірқатар ауқымды шаралар атқарылмақ. 2022 жылы «Ирқаз Металл Корпорациясы» ЖШС «Борлы» кен орнында катодты мыс өндіретін гидрометаллургиялық зауыттың құрылысын жалпы құны 9 млрд. теңгеге іске қосса, 140 адам жұмыспен қамтылады деп жоспарланып отыр. 2023 жылға қарай «Balqash Resources» ЖШС «Қаратас 2» кен орнында жалпы құны 4 млрд 300 млн теңгенің темір және түсті металл өңдеу өндірістік кен-байыту комплексі іске қосылып, 303 жаңа жұмыс орнын ашу күтілуде.

Кәсіпкерлікті қолдау картасы аясында «Saryarka Gold» ЖШС Ақтоғай ауданындағы «Қаратас-1» және «Қаратас-IV» кен орындары базасында мыс штейн және молибден өнеркәсіптік өнімін өндіру бойынша байыту-өнеркәсіптік кешенін салу жобасын», «Ultus Besshoky» АҚ Бессхокы алаңында перспективалы мыс-молибден кенін ашу жобасын», «Qaz Geo Resources» ЖШС «Доре қорытпасын өндіру бойынша

гидрометаллургиялық кешен құрылысы жобасын» енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Шағын және орта бизнес

Өткен жыл кәсіпкерлік сияқты салалар үшін үлкен сынақ болды. Пандемия жағдайында кәсіпкерлер үшін жалғасып жатқан шектеулер кезінде шағын және орта бизнесті қолдау өзекті мәселе болып отырғаны белгілі. Осы орайда мемлекеттік бағдарламалар, облыс және аудан әкімінің кәсіпкерлерді қолдау гранттары арқылы шағын бизнес өкілдеріне жан-жақты қолдау көрсету жалғасуда. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 1457-ге жетіп, өндірілген өнім көлемі 2 млрд 706 млн теңге болып отыр. 2021 жылы аудан бойынша 8 жаңа әлеуметтік нысан ашылып, жұмсалған қаржы 25 млн теңгені құраса, жаңадан 13 жұмыс орындары құрылды.

1. Ақтоғай ауылынан – 2 дүкен;
2. Жидебай ауылдық округінен 1 монша;
3. Қусақ ауылдық округінен – 2 дүкен;
4. Шабанбай би ауылдық округінен – 1 сұлулық салоны;
5. Нұркен ауылдық округінен – 1 дүкен;

6. Тасарал ауылдық округінен 1 филе цехы ашылып, халыққа қызмет көрсетуде. Қазіргі кезде азық-түлік бағаларының тұрақты болуы қарапайым халық үшін ерекше маңызға ие екені белгілі. Сауда орындарындағы дүкендегі азық-түлік бағаларына күнделікті бақылау жүргізілуде. Аудандағы бизнестің 94 өкілімен жасалған үшжақты Меморандум арқылы бағаны тұрақтандыру үшін әлеуметтік маңызы бар аса қажетті 19 азық-түлік тауарларына қосылатын үстемні 10%-дан асырмау жөнінде келісім жасалып, бағаны ырықтандыруға бақылау жасалуда. Бағаны тежеу мақсатында өткен жылы 12 жәрмеңке өткізіліп, 20 млн теңгенің азық-түлік өнімдері сатылды. Үш аптада бір Ақтоғай ауылы орталығында ауылшаруашылық жәрмеңкелері ұйымдастырылуда. Жалпы аудан орталығындағы тұрақты түрде өткізіліп жүрген жәрмеңкелерге ауданымыздың көптеген шаруа қожалықтары өз үлестерін қосып, нарықтағы бағадан 10-15 пайыз төмендетілген бағада сапалы ауылшаруашылық өнімдерін ұсынууда.

«Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясынан бекітілген бағада облыстық тұрақтандыру қоры және көтерме сауда ұйымдарынан барлығы 15 тонна I сұрыпты ұн, 16 200 дана I категориялы тауық жұмыртқасы, 15 тонна картоп, 10 тонна көкөніс өнімдері әкелініп, тұрғылықты халық қажеттілігі қамтамасыз етілді.

Ауыл шаруашылығы – өңірді дамыту үшін аса маңызды сала, біздің экономикамыздың басым бағыттарының бірі. Мал шаруашылығы саласында да мал басы мен одан алынатын өнімдердің көлемінде өсім бар. Ауыл шаруашылығының жалпы өндірген өнімі 26 млрд теңгені құрады. Үкіметтің қолдауымен ауыл шаруашылығы саласын дамыту мақсатында әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар өз жемісін беруде. Нәтижесінде, мал шаруашылығында тұрақты өсім болып, 2020 жылмен салыстырғанда ірі қара малы 7 пайызға, қой мен ешкі 6 пайызға, жылқы 13 пайызға өссе, құс 2,4 пайызға төмендеген.

2021 жылы 67 дана ауылшаруашылық техникасы алынып, «Жайылмдарды суландыру» мемлекеттік бағдарламасы аясында 6 ұнғыма құдық қаздырылды. Жалпы құны 6 млн. теңге. Үш шаруашылық қажетті құралдар (генератор, су сорғыш, т.б.) үшін 2 млн 400 мың тт. инвестициялық субсидия алды.

Егін шаруашылығы

Өткен жылы ауданда 1695 гектар жерге дәнді дақыл себілді, оның ішінде 755 га бидай, 890 га арпа. Сәйкес мерзіммен салыстырғанда, егіс алқабы 440 гектарға артқан.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласын мемлекеттік қолдау. «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау» қағидасына сәйкес тұқым түрлендіруге қатысқан 118 шаруашылыққа – 89,5 млн. тт. асыл тұқымды мал сатып алғаны үшін 37 шаруашылыққа – 34 млн. теңге, мал азығының құнын арзандатуға 117 шаруашылыққа 45 млн. тт. көлемінде, барлығы 169 млн. теңге субсидия төленді.

2022 жылға облыс бойынша бекітілген түрлері бойынша барлығы 306 млн. теңге субсидия қаржысына өтінім берілді.

Мал шаруашылығын дамыту жобалары

Жобаларды іске асыру және жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту бұл инвесторлармен жасалған жұмыстардың нәтижесі болып табылады. Аудан бойынша облыстық индустриялық картаға енген 3 жоба бойынша жұмыс жүргізілуде:

1. «QAZAQ STEP SHER» ЖШС еттік бағытта қой шаруашылығын дамыту (жоба құны – 7 млрд теңге); 2021 жылы барлығы 1300 бас сатып алынды, жалпы мал басы 2386 басты құрайды. Сонымен қатар, 4 мал шаруашылығы фермасы салынды.

2. «Қарашоқы» шаруа қожалығы 8 мың бас ауыл шаруашылығы жануарларын сойып, консервіленген ет өнімдерін өндіру (жоба құны – 115 млн теңге);

Жобаға қолдау ретінде аудандық жер қорынан берілген 23,9 мың га ауылшаруашылық жері заңдастырылып, рәсімделді. Өңдеу цехына қажетті қондырғылардың 50 %-ы алынды.

3. «Global Beef Products» ЖШС 2 мың бас асыл тұқымды ангус ірі қара малын өсіру (жоба құны – 550 млн теңге).

Шаруашылықта бүгінгі күні 450 бас ірі малы өсірілуде, оның ішінде:

аналығы 200 бас, биылғы жылы 62 бас ірі қара бордақылау алаңына өткізілді. 2022 жылға 250 бас ангус аналық мал басын сатып алуға өтінім берілді.

Бұл жобалардың барлығы ұзақ мерзімді (2018-2026 ж.ж.), қазіргі уақытта жоба жоспары бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

Ветеринария

Ауыл шаруашылығын дамыту мәселесі айтылған жерде ветеринариялық қауіпсіздіктің де қатар жүретіндігі сөзсіз. Мал дәрігерлеріне артылатын міндет те зор. Ақтоғай ауылында 2021 жылы 127 млн теңгеге ветеринариялық пункттің құрылысы басталды. Биылғы жылдың қыркүйек айына дейін құрылысы толық аяқталып, қолданысқа берілетін болады. Төрт түліктің аса қауіпті індеттерін қарсы ветеринарлық алдын алу және диагностикалық шаралар жоспарға сай жүргізілді.

Эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге 195 млн теңге бөлініп, жоспар бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді. Қаңғыбас ит-мысықтарды жою шараларына 2 млн теңге қаржы қаралып, есепті мерзім ішінде 480 ит-мысықтар жойылды. Сондай-ақ, мал басын бірдейлендіру шараларына 24 млн 641 мың теңге қаржы қаралып, мәліметтер компьютерлік дерекқорға енгізілді.

Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы жануарлары арасында аса қауіпті аурулардың таралуына жол бермеуге аймақтағы барлық шаруашылықтар мен мал иелері де барынша атсалысуы қажет.

Құрылыс саласы – қашаннан да экономиканың негізгі іргетасы екендігі айқын. «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында Ақтоғай ауылында Солтүстік-Батыс ықшам-ауданында 16 пәтерлі екі қабатты 4 тұрғын үйдің құрылысы жүруде. Жалпы құрылыс сомасы – 574 млн. теңге.

Инженерлік инфрақұрылым құрылысын жүргізу мақсатында, яғни: тоқ жүйесі құрылысына жалпы сомасы – 669 млн 346 мың теңге, су жүйесі, кәріз су жүйесі, телефондандырылу, жылу жүйесі құрылысына жалпы сомасы 430 млн теңгеге облыстық басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылды.

Көпбалалы отбасыларды үймен қамтамасыз ету мақсатында Сарышаған кентінде жалпы сомасы 58 млн 800 мың теңгеге 7 тұрғын үй сатып алынды. 2022 жылға 12 жаңа салынған тұрғын үй сатып алуға 100 млн 800 мың теңгеге облыстық басқармаға бюджеттік өтінім беріліп отыр.

Ауылдық мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылы Ақши ауылында су жүйесі құрылысы басталған болатын. Жалпы құрылыс сомасы – 221 млн 900 мың теңге. Құрылыс биылғы жылы толық аяқталды.

Тұрғын үй және коммуналдық шаруашылық

Өткен 2021 жылы мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге мұқтаждар есебінде тұрған 15 отбасы баспанамен қамтамасыз етілді. 12 көпбалалы отбасылар, 2 толық емес отбасылар, 1 зейнеткер бар. Сарышаған кентіндегі тұрғын үйлері апатты деп танылған азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету мақсатында жеке тұрғын үй қорынан коммуналдық меншікке жалпы сомасы 27 млн. 847 мың теңгеге 6 пәтер сатып алынды. Сондай-ақ, Ақтоғай ауылы, Шашубай кенті және Сарытерек ауылынан 14 млн. 500 мың теңгеге 3 қызметтік тұрғын үй алынды. Ақтоғай ауылы, К.Байсейітова көшесі, №39 үйдегі 5 пәтерге 19 млн. 800 мың теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сарышаған кентіндегі 3-ші ықшам ауданындағы 5 көппәтерлі тұрғын үйлердің шатырларын жөндеу жұмыстарына 57 млн 182 мың теңге жұмсалып, жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды. Шашубай кентіндегі Ақбергенұлы көшесі 49 және 51 көппәтерлі үйлердің шатырлары мен қасбеттеріне 15 млн 904 мың теңгеге жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, Ақбергенұлы көшесі №2 үйдің балқондары мен жергөлесін жөндеуге аудан әкімдігінің шұғыл шығындарға арналған резервінен 5 млн 200 мың теңге бөлінді. Ақтоғай ауылы, Нарманбет көшесіндегі бұрынғы білім бөлімі ғимаратын күрделі жөндеу жұмысына барлығы 44 млн 225 мың теңге жұмсалды.

Ауданымызда өзекті саланың бірі электр энергиясын қамтамасыз ету бойынша бүгінгі күні бірқатар жұмыстар атқарылуда. 2021 жылы Шашубай кентіндегі Ж.Ақбергенұлы және Б.Ихамбаев көшелерінің жеке сектордағы электр желісіне шұғыл шығындарға арналған аудан әкімдігінің резерві есебінен 6 млн 910 мың теңге қаражат бөлініп, 2 дана 10/0,4-160 кВа маркалы КТП қондырғылары орнатылды.

Электр энергиясын таратушы кәсіпорындарды ірілендіру мақсатында аудан төңірегіндегі электр желілерін иесіз мүлік деп танып, аудандық коммуналдық меншікке алған. Бүгінгі таңда құжаттары әзірленіп, электр таратушы «ЖезРЭК» мекемесіне өткізу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытта Шашубай кенті, Ақтоғай ауылы, Нұркен, Абай, Ортадересін және Жидебай ауылдық округтерінің иесіз мүлік деп танылған электр желілерінің құқық орнатушы құжаттары толықтай дайындалды. Барлығы 13 подстанция, 87 КТП, 278 шақырым 10 киловольттық желі, 164,2 шақырым 0,4 киловольттық желі тапсырылатын болады.

Жол қатынасы және жол жөндеу жұмыстары. Өткен жылы аудан төңірегінде «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасынан бөлек, Қошқар және Айыртас елді мекендерінің кентішілік жолдарының орташа жөндеу жұмыстарына 28 млн. теңге қаралып, бұл жұмыстар толығымен аяқталды. 2020 жылдан бастап Жол саласына «Нұрлы жол», «Ауыл – Ел бесігі» және «Өңірлерді дамыту» бағдарламалары еніп, аудандық маңызды жолдарды жөндеу жұмысы қолға алынууда. Республикалық маңызды «Алматы-Екатеринбург» тас жолымен тоғысатын Тасарал ауылының кірме жолы жоба бойынша мақұлданып, аяспалы түрде (2021-2022) 265 млн. теңге қаралып, 7,5 шақырымына асфальт салынды, ағымдағы 2022 жылға 211 млн 420 мың теңге қаражат бөлінді.

Жылыту маусымы бойынша

Тұрғындарды және әлеуметтік нысандарды сапалы жылумен үздіксіз қамтамасыз ету – күнделікті бақылаудағы мәселе. Орталық жылу қазандығымен ауданның екі кенті қамтамасыз етілген, оның ішінде 1 қазандық Шашубай кентінде, 2 қазандық Сарышаған кентінде орналасқан. 2021 жылы Шашубай кентінің орталық қазандығына жалпы сомасы 14,3 млн. теңге қаражат қаралып, қазандыққа көлемі 6 м-ті құрайтын су қоймасы қойылды. «ТОМ-2» маркалы қазандықтың 1 секциясы ауыстырылып, 2 дана үрлегіш, 1 дана сорғы құрылысы ауыстырылды. Сарышаған кенті қазандығының сорғы құрылыстары жөндеуден өткізілді. Жылыту маусымы штаттық режимде өтуде. Аудан бойынша барлығы 48 нысан бар: 24 білім мекемесі, 4 денсаулық сақтау мекемесі, 9 мәдени нысан, 1 спорт және басқа да 10 нысан бар. Аталған нысандар толыққанды көмір қорымен қамтамасыз етілген.

Ауыз су және кәріз жүйесі бойынша

2021 жылы аудандық бюджет есебінен ауыз су және кәріз жүйесі нысандарын күтіп ұстау, ағымдағы жөндеу жүргізу мақсатында жалпы сомасы 70 млн. теңге қаражат қарастырылып, аталған қаражатқа Сарышаған кентінің сорғы станциясына қуаты

(Жалғасы 3-бетте.)

Ақтоғай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021 жылғы қорытындылары және алда тұрған міндеттер туралы аудан әкімі С.Әбеуованың есебі

415кВа дизельдік генератор сатып алынды. Сонымен қатар, кенттегі 3 су тұщыландыру контейнеріне ағымдағы жөндеу жүргізілді (амиат, картридж, сонымен қатар, су тазартқыш мембраналар ауыстырылды). Ауа райының салдарынан Шабанбай би ауылына орнатылған су мұнарасы құлап, 11 млн. теңге қаражатқа жанадан су мұнарасы орнатылды. Аталған жұмыстарды ұйымдастыру үшін серіктестік тарапынан 4 дана арнайы техника және 8 адам жұмылдырылды. Тасарал ауылының ауыз су нысанына жалпы сомасы 8,5 млн. теңге қаржы бөлініп, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Көріз жүйесі ауданның Шашубай және Сарышаған кенттерінде жұмыс жасайды, аудан әкімінің шұғыл шығындарға арналған резерв есебінен 15,8 млн. теңге қаражатқа Шашубай кентінде 50 дана көріз құдықтары жабылып, 380 метр көріз құбыры ауыстырылды. Кенттің көріз сорғы станциясына 2 дана сорғы құрылысы сатып алынып орнатылды. Сарышаған кентінің проблемалық учаскесі Абай көшесі, 38 үйден балабақшаға дейінгі аралықта көріз құбыры салынып, 2 құдық жөндеуден өтті. Аудан төңірегінде көріз және ауыз су құбырлары «Ақтоғай Энерго», «Ақтоғай Су» ЖШС-нің балансына беріліп, қызмет көрсетілуде.

Жұмыспен қамту саласы
Алдымызда тұрған кезекті маңызды мәселелердің бірі – тұрғындардың жұмыспен қамтылуы және еңбекке орналастыруды қамтамасыз ету, бұл мемлекеттің де ерекше бақылауына алынған. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 3 бағытта тиісті жоспарланған қаржы қаралды.

Бірінші бағыт: Бағдарлама қатысушылары қысқа мерзімді кәсіптік оқуға Қарағанды қаласына «Тандем» оқу орнына тігін мамандығы бойынша 8 адам – 3 айлық және Теміртау кәсіптік орталығына 5 адам қазандық машинасы мамандығы бойынша екі айлық курстан өтіп, сертификаттарын алды.

Екінші бағыт: жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағыты бойынша өз ісін ашуға 42 адам 151 млн теңге несие алса, 81 адам мемлекеттік грантка ие болды. Бастау-Бизнес жобасы бойынша 80 адам оқуға жолданып, 75-і сертификаттарын алды.

Үшінші бағыт: жалпы жұмыс мәселесі бойынша 2021 жылы 884 адам өтініш білдірсе, 771 жұмыссыз тұрақты, уақытша және мерзімді жұмыстарға орналастырылды. Жастар практикасына 30 адам, қоғамдық жұмысқа барлығы 237 жұмыссыз жолданды. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек 59 отбасындағы 296 адамға төленді. Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасы аясында 29 мүгедекке жеке көмекші тағайындалып, 20 млн 163 мың 373 теңге төленді. Бұл саладағы жұмыстар биылғы жылы да жоспарға сәйкес жалғасын табатын болады.

Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа **БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ БЕРУ** қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты іс болып қала береді. Білім беру саласында өткен оқу жылы біршама өзіндік көрсеткіштермен аяқталды. Ауданның білім бөліміне қарасты 14 орта, 7 негізгі және 2 бастауыш мектепте 2938 оқушы білім алуда. Аудандық білім бөлімінің 2021 жылғы бюджеті 4 млрд 535 млн теңгені құрады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың желісін арттыру мақсатында Сарышаған кентінде 100 орынды 2 топқа арналған балабақша ашу үшін ғимаратты ағымдағы жөндеу және қайта жаңарту жұмыстарына 14 млн 570 мың теңге, керекті құрал жабдықтарын, шаруашылық және жиһаздарын алу үшін 8 млн 186 мың теңге жұмсалды. Білім беру ұйымдарындағы компьютер паркi 1171 компьютерді құрап отыр. Жалпы сомасы 42 млн 310 мың теңгеге Т.Ақышұлы, С.Ибраев, Сарышаған мектеп-интернатына 3 биология кабинеті, Ә.Бөкейхан және К.Байсейітова мектептеріне технология кабинеттері алынды. Білім мекемелерінің ғимараттарын жаңарту, күрделі және ағымдағы жөндеу, материалдық-техникалық базасын нығайту ұдайы басты назарда. Жергілікті бюджеттен 97 млн 800 мың теңге қаржыға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Мәдениет және спорт
Жыл басынан мәдениет және спорт салалары бойынша атқарылатын іс-шаралар жоспары бекітіліп, әлемдегі пандемияға қатысты шектеулерге байланысты басым көпшілігі онлайн режимде ұйымдастырылуда. Жыл сайын мәдениет саласының материалдық-техникалық базасына баса назар аударылып, тиісті жабдықтармен уақытылы толықтырылып отырады. 2021 жылы Айыртас, Абай, Қусак ауылдық клуб үйлеріне 4 млн 500 мың теңгеге дыбыс күшейткіш аппаратуралар және Нүркен, Қызыларай, Қусак клуб үйлеріне сахна шымылдығы, аудандық мәдениет үйіне 4 моноблок, 1 ноутбук сатып алынды. Ақтас клуб үйіне 38 млн 440 мың теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары және аудандық мәдениет үйіне 12 млн 712 мың теңгеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, аудан орталығындағы Ж.Шайдаров атындағы мәдени-демалыс саябағына 13 млн 900 мың теңгеге көше жарықтары орнатылды және 41 млн 440 мың теңгеге саябақ ішінен ауданымыздың дамуына өзіндік үлесін қосып, ел құрметіне ие болған республикаға танымал азаматтарға арналған «Тұғыры биік тұлғалар» атты құрмет алаңы ашылды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында барлық мәдени шаралар, атаулы күндер бойынша тиісті деңгейде ұйымдастырылып, жыл басынан 1035 онлайн және дәстүрлі мәдени шаралар өткізіліп, 170 мың қаралым қамтылды.

Өткен жылы 2 мәдени нысаны жөндеуден өтсе, биылғы жылы да 1 клуб үйін жөндеу жоспарланып отыр. Ауданда салауатты өмір сәтін қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту мақсатында Ақтоғай ауылында және Қызыларай, Нүркен ауылдық округтерінде Стрейт воркауттар, Сарышаған кентінде көпсалалы хоккей корты, Шашубай кенті мен Жидебай ауылдық округінде спорт алаңдары салынып, қолданысқа берілді.

Облыс бойынша спорт саласында көрсеткен үздік нәтижелері мен жетістіктері үшін жылдың қорытындысы бойынша аудандар арасында «Ең үздік спорт бөлімі» номинациясына ие болды. Жастар саясатын жүзеге асыруда мемлекет тарапынан аудан жастарына біршама қолдаулар көрсетілуде. 2021 жылы «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы бойынша 20 маманға жалпы сомасы 5 млн 834 мың теңге көлемінде көтерме жәрдемақы төленді. Жастар арасында кәсіпкерлікті қолдауға арналған облыс әкімінің гранты бойынша 3 жоба (Құралдарды

жалға беру, «Oimaq brand» шағын тігін шеберханасы, қоғамдық монша) мақұлданып, 3 млн теңге көлемінде грант иегерлері атанды. 13 жас кәсіпкерге 4 млн теңге көлемінде аудан әкімінің гранты берілді. Сонымен қатар, 2022 жылға жергілікті бюджеттен жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамыту мақсатында кәсіптерін ашамын немесе дамытамын деген жастарға грант көлемін 10 млн теңге көлемінде ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Бұл үрдіс көптеген ынталы жастарға өз ісін ашуға дәнекер болып, мақсаттарын іске асыруға көмек болады деген сенімдемез.

Денсаулық сақтау мемлекеттік саясаттың жергілікті атқарушы органдарының қызметіндегі маңызды басымдық болып қала береді. Халықтың денсаулығына әсер ететін тиімді шара – сапалы медициналық қызмет көрсету мақсатында осы салада біршама игі іс-шаралар атқарылғаны мәлім. Пандемия кезінде халықтың жанын сақтап қалу үшін, аябай тер төккен дәрігерлердің бүгінгі таңда қоғамдағы ролі ерекше. Білікті маман дәрігерлерді тарту бағытындағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Өткен жылы тағы 7 маманмен толықса, биылғы жылы да 3 маман дәрігер келу жоспарлануда. Сондай-ақ, жергілікті билік тарапынан дәрігерлерге мейлінше қолдау көрсетіле бермек (тұрғын үй, материалдық-тұрмыстық техникалар, т.б.). Орталық аурухананың материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында 12 млн 360 мың теңгеге «АЛФА» маркалы стационарлық қондырғы, ауыл-ауылға вакцина жеткізу үшін 3 дана жылжымалы мұздатқыш, 3 санитарлық УАЗ автокөлігі және 17 компьютер алынды. Шашубай дәрігерлік амбулаториясына 58 млн 700 мың теңгеге «Blue- DRLandMark» маркалы цифрлық рентген аппараты және 3 млн теңгеге 5 дана физиоаппараттары (УФА малый, ультразвук, биоитрон, парафиннагреватель) алынып, тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуде.

2021 жылы 230 млн теңгеге Ақтоғай ауданының орталық ауруханасына және 56 млн 500 мың теңгеге Шашубай кентінің дәрігерлік амбулаториясына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Шашубай дәрігерлік емхана ғимаратында дәріхана ашылып, қалыпты жұмыс жасауда.

Қоғамдық саяси ахуал және қауіпсіздік
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы аясында өңірде атқарылып жатқан жұмыстарды және Жолдаудан туындайтын міндеттерді халыққа жеткізу үшін ақпараттық-насихаттық жұмыстар жоспарға сай атқарылып келеді.

Атқарылатын іс-шаралар жергілікті «Ақтоғай ажары» газетінің арнайы айдарында, аудан әкімдігінің ресми интернет ресурсы мен әлеуметтік желілерде тұрақты түрде жариялануда. Облыстық және аудандық ақпараттық топ мүшелері кент, ауылдық округ тұрғындарымен 59 кездесу өткізіп, халық арасында Президент Жолдауын түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесуге 3741 адам қатысты.

Аудандық дін мәселесі бойынша Ақтоғай ауданы әкімінің өкімімен құрылған ақпараттық-түсіндіру топтары бекітілген жоспарға сәйкес 2021 жылы аудан халқы арасында 71 кездесу өткізіп, оған 3262 адам қамтылды. Ақтоғай ауданы бойынша қоғамдық және діни ахуал тұрақты, бекітілген іс-шараларға сәйкес жұмыстар уақытылы жүргізілуде. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі тиімділік көп жағдайда полицияның халықпен тікелей байланысына тәуелді болады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша ауданда қылмысқа қарсы және алдын алуға, қоғамдық тәртіпті сақтауға және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде біршама жұмыстар жүргізілгенімен, кейбір құқықбұзушылық түрлерінің өсуі байқалды.

Ақтоғай ауданы аумағы бойынша 2021 жылы жалпы қылмыс саны 2020 жылмен салыстырғанда 17,3 % өскен, оның ішінде: адам өлімі 0-ден 1-ге, өлімге әкеп соқтыру фактісі 1-ден 2-ге, мал ұрлығы 4-тен 7-ге, нашақорлық 0-ден 1-ге, тонау қылмысы 0-ден 1-ге, пәтер ұрлығы 8-ден 10-ға, бұзақылық 0-ден 3-ке өскен. Мал ұрлығы сияқты қылмыстар әлі де жиі тіркелуде. Мұның алдын алу жөнінде жұмыстарды қоғам болып шешуге тиіспіз. Жергілікті әкімдер жұртшылықпен бірлесіп отырып, мал бағымын ұйымдастыру қажет.

Халық үніне құлақ асу
Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің кейінгі Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің басты қағидаты – мемлекеттік аппарат азаматтар мүддесі үшін жұмыс істеуге тиіс» – деп, жергілікті атқарушы органдардың бұқара халықпен тікелей байланыс орнату керектігін тілге тиек еткен болатын. Билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату арқылы біз азаматтық қоғамға барынша қолдау көрсетуге тиіспіз. Бүгінгі күні өзекті мәселелер, ауқымды шаралар әуелде жергілікті қоғамдастық талқысына салынып, қоғамның пікірін ескеру арқылы шешім қабылдануда. Әлі де тұрғындарды толғандырған мәселелер, талқылау жұмыстарына азаматтық қоғамның мүмкіндіктерін кеңінен қолдану қажет.

Әлеуметтік желілердегі айтылған мәселелер, ұсыныстар мен ескертпелерге мейлінше жария түрде дәйекті жауабы берілуде. WhatsApp мессенджерлеріндегі топтарда, Instagram желісінде өткізілетін «Әкім сағатында», әкім орынбасарларының, сала мамандарына әлеуметтік желілердегі тікелей эфирлерде тұрғындар тарапынан өз сауалдарын қойып, өтініш-тілектерін жеткізуге барынша мүмкіндіктер жасалған. Сондай-ақ, әлеуметтік желілерде жиі көтерілетін маңызды мәселелерге мониторинг жүргізіліп, оған дер кезінде тиісті шаралар қабылдау жолға қойылған.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құру тұжырымдамасы аясында жергілікті атқарушы орган өкілдерінің халықпен кездесулері артып, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау үрдісі тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Алайда, толыққанды халық үніне құлақ асатын мемлекетті тек билік органдарының ашықтығы арқылы қалыптастыру мүмкін емес екені белгілі. Ол үшін жергілікті халық та бұл іске белсенді атсалысуы тиіс.

Халық белсенділігін арттырудың тиімді тәжірибесі ретінде Мемлекет басшысы өткен жылы ауыл әкімдерінің қызметке сайлау арқылы келуі жөнінде маңызды саяси реформалық шешім қабылдаған болатын. Осы орайда аудан бойынша алғаш рет 6 ауылдық округ пен 2 кент әкімдерін халық тікелей дауыс беру

арқылы сол ауылдың мүддесін қорғайтын өздері жақсы білетін, халықпен тіл табыса алатын, ауылдың кем-кетігін бүгіндеп, көркейтуді қай жағынан бастау керек екенін білетін іскер азамат, білікті басшыны таңдап сайлады. Халық сайлағаннан кейін әкімнің өз сайлаушыларының алдындағы жауапкершілігі көтеріле түсуі тиіс.

Санитарлық-эпидемиологиялық ахуалды оңалтуда, қауіпті індетпен күрес әлі де жалғасуда. Аудан бойынша эпидемияға қарсы іс-шаралар жоспарына сәйкес тиісті жұмыстар атқарылуда. 2021 жылы аудан бойынша коронавирус инфекциясымен тіркелгендер саны – 332. Аудандық орталық аурухана науқастар саны ұлғайған жағдайда карантиндік режимге толықтай көшірілуге дайын. Орталық ауруханада жалпы орын – 82. Тәуліктік стационарда орындар – 29. Қосымша 44 орындық инфекциялық бөлімше, 9 орын «ОАРИТ» (реанимация) бар. Қосымша 2 ғимаратта 50 орын дайындалған. Орталық аурухана 4 ірі фармацевтикалық компаниялармен келісім-шарт жасасқан.

1. «Медсервис Плюс» ЖШС; 2. «Стофарм» ЖШС; 3. «Ақ Ниет» ЖШС; 4. «Инкар» ЖШС.

Бүгінде Ақтоғай ауданына қарасты 2 әлеуметтік дәріхана мен 3 жеке меншік дәріханаларда антибиотиктер, дене қызуын түсіретін дәрілер, вирусқа қарсы және қан сұйылтатын дәрілер, медициналық бетперделер, антисептиктер сатылымға қойылып, тұрғындарға ұсынылуда. Аудан бойынша дәрі-дәрмектен тапшылық жоқ. Жылжымалы дәріхана ауданның барлық елді мекендеріне барып, тұрғындарға ең бірінші қажетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіп отыр. Ауданымызда халықты белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтауға шақыру мақсатында мониторингтік топтар жұмысын жалғастыруда. Өткен жылы жалпы 5562 нысанға тексеріс жүргізіліп, қорытындысында 26 субъектіге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, айыппұл салынған болатын. Еліміздің бас санитар дәрігері бекіткен ортақ санитарлық талап бар, онда барлығы тізбектеліп жазылған. Біз соны сақтауға тиіспіз және барлық мекеме, ұйымдар, сауда орталықтары да ережеге сай жұмыс істеуі керек.

Қауіпті індетпен күрес әлі жүріп жатыр, аяқталған жоқ. Біздің қалыпты өмірге ерте оралуымыз еке алу қарқынына байланысты. Бірақ, осыны түсінбей немесе әлі де немқұрайдылық танытып жүргендер де бар. Сондай-ақ, жылдам таралатын қауіпті «Дельта», «Омикрон» штамдарының анықталғаны, еліміздің басым бөлігі «қызыл аймаққа» енуі, коронавирустың ықтимал толқынының болуы әлі де індетпен күресуде белсенділікті арттыру қажеттігін көрсетіп отыр. Сондықтан, дәрігерлер кеңесіне құлақ асуды, өзіңізді ғана емес, жақындарыңызды індеттен қорғау үшін вакцина алуға тағы да шақырамыз!

Өңірімізде шешімін табуы қажет ететін алда тұрған өзекті мәселелер де жеткілікті. Биылғы 2022 жылы алдымызда көптеген ел игілігіне арналған мақсат-жоспарларымыз тұр. Ол жоспарларымыздың жұмыс барысында қайта сараланып, өзгеріске түсіп отыратыны белгілі. Басты мақсат еліміздің, оның ішінде ауданымыздың дамуына қызмет жасап, барша тұрғындарымыздың әлеуетін жақсарту болмақ.

Ағымдағы жылға алға қойған жоспарлар мен міндеттер төмендегідей:

- Ақтоғай ауылында көріз жүйесінің құрылысын бастау;
- Кежек ауылында ауыз су құрылысы жұмыстарын аяқтау;
- Аудан иелігіндегі электр желілері мен қондырғыларын «ЖезРЭК» АҚ балансына өткізуді шешу;
- Ақтоғай ауылындағы стадионды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;
- Ақтоғай орталық ауруханасының инфекциялық бөлімін күрделі жөндеу;
- Сарышаған кентінде спорт кешені құрылысын бастау;
- Сарышаған кентінде кезекте тұрғандарға (көпбалалы отбасыларға және халықтың әлеуметтік осал топтарына) тұрғын үй сатып алу;
- Сарышаған кентінің 3 шағын ауданындағы 5 қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру (апатты жағдайдағы №4 үй);
- Сарышаған кентінің 6 көпқабатты тұрғын үйдің аумағын абаттандыру және қасбетін жөндеу;
- Шашубай кентіндегі отбасылық дәрігерлік амбулаторияны күрделі жөндеу;
- Шашубай кентіндегі көпқабатты тұрғын үйдің (Сейфуллин, Құнанбаев, Ақбергенұлы) аула аумағын абаттандыру;
- Шашубай кентіндегі көпқабатты 100 пәтерлі тұрғын үйді қалпына келтіру;
- Шашубай кентінің екі қабатты 11 пәтерлі үйдің қасбеті мен шатырын жөндеу (Абай 35, Шашубай 12);
- Шашубай кентінің 1 көшесінің (Ақбергенұлы 1,5 км) кентішілік жолын орташа жөндеу;
- Тасарал ауылының 13 км көтерме жолдың жөндеу жұмыстарын аяқтау;
- Ақтоғай ауылынан 16-пәтерлі 4 тұрғын үйдің құрылысын аяқтау;
- Ақтоғай ауылындағы солтүстік-батыс мөлтек ауданында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым құрылысын жүргізу;
- Қусак ауылының клуб үйін жөндеу;
- Білім беру ұйымдары нысандарына жөндеу жұмыстарын жүргізу (Қошқар мектебін күрделі жөндеу, Қызыларай, С.Ибраев, Ж.Кенесбаев, М.Ержанов, Т.Ақышұлы, Ортадересін, К.Байсейітова, Ә.Бөкейхан мектептеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу);
- Құрметті жерлестер! Әрине, әлі шешуді талап ететін мәселелер аз емес. Бүгінде Мемлекет басшысы экономиканы одан әрі нығайту, Жаңа Қазақстан құру бойынша біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктелді. Біз ел Президентінің барлық тапсырмаларын тиісті мерзімде орындауға барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз. Ауданымыздың әрбір тұрғынының табысы мен өмір сапасының жақсаруы – біздің жұмысымыздың басты көрсеткіші. Осындай ел игілігіне арналған ортақ істе береке-бірлік танытып, жоғарыда айтылған өңірімізге қатысты мәселелерді оң шешу, тиянақты әрі сапалы атқарылуын қамтамасыз ету басты міндет болмақ.

Қ.ТОҚАЕВ: «АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ БҰЗЫЛМАЙДЫ»

осыған келеміз деп ойлаймын. Мен Президент болып тұрған кезде осы нәтижеге қол жеткізім келеді.

– Шын мәнінде, қазіргі уақытта халық Сізден зор үміт күтеді. Елімізде өзгеріс жасай алатын Президент бар деп түсінеміз. Бұрын мұндайды сезінбейтін едік...

– Бұрынғының бәрін сынай бермейік. Қалай болғанда да, бұл – біздің тарихымыз. Бірақ менің Президент ретіндегі басты міндетім – бүкіл қоғамды және барлық саяси жүйені, соның ішінде экономиканы трансформациялаудың оң нәтижесіне қол жеткізу. Қазақстан халқына арнаған ең алғашқы Жолдауымда саясат пен экономика қатар жүретінін айтқан едім. Қазіргі тарихи жағдайда бүгін экономикамен айналысамыз, ал саясат күте тұрады деп айта алмаймыз. Экономикалық жаңғыруды қарқынды жүзеге асыруда саясат та маңызды рөл атқаратыны белгілі. Түптеп келгенде, баршамыз Марксты оқыдық, әсіресе, менің замандастарым. Бұл жөнінде Маркстың: «Негіз – бұл экономикалық базис. Бірақ экономикалық базиске ықпал ететін саяси құрылым бар. Кейде экономикалық базиске қарағанда, саяси құрылым әлдеқайда маңызды рөл атқарады» деген ой-тұжырымы бар. Сондықтан қоғамды саяси трансформациялаумен қатар экономиканы қайта жаңғырту да бірге алып жүру керек. Бұл – менің миссиям. Қанша уақыт Қазақстан Президенті болатынымды білмеймін. Бірақ нақты білетінім, Конституцияға сәйкес екі мерзімнен ұзақ отыра алмаймын. Яғни, ешқандай заңға, әсіресе Конституцияға өзгерістер енгізілмейді.

– Сот жүйесіне реформа жасала ма?

– Тұрастың айтқаны, сот жүйесіне алаңдаушылықтың болуы заңды. Қазіргі уақытта реформа жүргізіліп жатыр. Оның қалай және қандай қарқынмен іске асырылып жатқаны – басқа мәселе. Мен кәсіпкерлермен өткен кездесуде бұрын болмаған Әкімшілік істер жөнінде алқа құру туралы айттым. Бұл құрылым кәсіпкерлік мәселелерді, инвестициялық дауларды қарастырумен айналысады. Қазір біз судьяларды іріктеу кезінде шешуші рөл атқаруға тиіс Жоғарғы Сот кеңесінің мәртебесін біршама күшейтіп келеміз. Судьялар корпусына кәсіби судья емес адамдарды да жібердік. Кәсіби судья әділ төреліктің кепілі деген сөз емес қой. Сол сияқты корпоративтік сектор мен басқа да салаларға мамандарды жолдап отырмыз. Яғни судьялардың кәсіби құрамына өзгеріс жасау керек. Оларға қойылатын басты талап – адалдық пен әділдік.

– Сіздің бастамаңызбен құрылған «Қазақстан халқына» қорының қамқоршылық кеңесі жасақталды. Қазірдің өзінде 20 миллиард теңгеден астам қаржы түскен. Мүмкін, оның жұмыс істеуі тегісіз әлі де нақтыланбай отырған шығар. Өйткені олигархтар қорға ақша аударуға асығар емес.

Бұл үрдіс тұрақты болу үшін оларға қатысты қандай да бір шара қолданыла ма?

– Қазіргі кезде Қордағы ақша 20 миллиардтан әлдеқайда көп, шамамен 50 миллиард теңгедей. Мен Қордың жұмысына араласпаймын. Бұрынғы Қаржы министрі Болат Жәмішев Қордың басшысы болып тағайындалды. Қамқоршылық кеңесі бар. Олар қоғамдық бастама бойынша жұмыс істейді. Менің жұмысым Қорға жарна түсіру ісіне ықпал ету және бұл жөнінде өзіміздің ұстанымды айтып. Біріншіден, бұлт – салық емес, қайырымдылық. Бірақ әрдайым оның да белгілі бір параметрлері болуы керек. Үкімет салық салынатын

табыстың 3 пайызы деп белгіледі және бұл тек ірі бизнеске ғана қатысты. «Қазақстан халқына» қоры науқас балаларға, бұқаралық спортқа, оның ішінде ауылдық жерлердегі балалар спортына дамытуға, Алматыны қалпына келтіруге, мәдениетті өркендетуге және басқа да игі шараларға көмектеседі. Бұл мәселелермен Қамқоршылық кеңесі айналысады.

– Тағы бір мәселе. Еуропарламент Қазақстандағы оқиғалар бойынша қарар қабылдап, халықаралық тергеу жүргізуді талап етуде. Бұл құжатқа қатысты Сіздің пікіріңіз және Еуропарламент институтына көзқарасыңыз қандай?

– Институт ретінде Еуропарламентке деген көзқарасым дұрыс. Осы құрылымға мүше болу мемлекеттерге қаншаға түсетінін адамдар білсе, онда бұл институтқа деген сыни көзқарастары күшейе түсер еді. Бірақ бұған тоқталғым келмейді. Өйткені бұл – Еуропалық одақтың мәселесі. Егер олар мұндай институт қажет деп санаса, өздері білсін. Қарар ештеңеге міндеттемейді. Ұсыныс ретінде айтылған. Қазақстанға қатысты екінші рет қарар қабылданып отыр. Мұны мүлдем объективті емес және күні бұрын қабылданған құжат деуге болады. Сондықтан бұл қарарға бола еш алаңдамаймын. Қазақстандағы оқиғаларға қатысты халықаралық тергеу келетін болсақ, мұндай тергеу жүргізудің қажеті жоқ деп есептеймін.

Өзіміздің де қолымыздан келеді. Бізде де адал әрі әділ мамандар бар. Бүгін ол азаматтардың біразының аттарын атадым. Бұл комиссияларды құруға мен де және менің әкімшілігім де қатысқан жоқ. Өздері ерікті түрде осындай институт құруға шешім қабылдады. Жұмыс істесін. Өйткені мен де ақиқаттың ашылып, шындықтың айтылуына мүдделімін. Тағы бір айта кетерлігі, бұл қарардың қабылдануына лоббистер түрткі болған. Лоббистер – кезінде Қазақстанның қыруар ақшасын қалтасына басып шетелге кеткендер. Қазір олар сол ақшаларын елімізде түрлі шерулер ұйымдастыруға жұмсап, «қаншалықты жаман болса, соншалықты жақсы» деген қағидаға сүйенетін адамдардың тапсырысымен жұмыс істейді. Мен бұларды Өзбекстанның олигархтарымен салыстырамын. Шетелде мол қаражат тапқан олар өздерінің тарихи отанына келіп, Өзбекстан Президентінен «Өзбек халқына не істей аламыз, қандай көмек керек?», – деп тапсырма сұрайды. Содан кейін өз қаражаттарына ауруханалар, инфрақұрылымдар салады. Елімізде отырып немесе шетелде жатып, өз еліне шабуылдайтын біздің олигархтардың өзбек олигархтарынан айырмашылығы міне, осындай.

– Соңғы кездері синофилиялық пікірлер байқалып жүр. Кейбір адамдар Қытайдың Қазақстан экономикасына қатысуына наразылық білдірді. Қытаймен арадағы ынтымақтастықтың сапаты өзгере ме? АҚШ-пен қарым-қатынасымыз қалай өрбімек? Байланыстарымызға сызат түсуі мүмкін бе?

– Қытайға қатысты айтар болсақ, көршіні біз тандамаймыз. Қытай, ең алдымен, біздің Құдай қосқан көршіміз. Екіншіден, Қытай – экономикалық даму жағынан орасан зор табысқа жеткен ел. Жоғары технология, жасанды интеллект тұрғысынан алып қарағанда, алдыңғы қатарда тұрған мемлекет. Әрине, Қытаймен ынтымақтастық жасауымыз керек. Біз Қытайдың нарығына тәуелдіміз. Елімізде стратегиялық өнімдер шығаратын ірі кәсіпкерлердің бәрі қытай нарығына үміт артады. Мұны жоққа шығару дұрыс емес. Қытайға қарсы шеру өткізетіндер өздерінің саяси мақсатын жүзеге асырғысы келетіні анық. Бәлкім, олар экономикамызға не қажет екенін мүлде түсінбейтін және экономикалық шынайы ахуалдан хабары жоқ адамдар. Әйтпесе, әлемдік қоғамдастықта

геосаяси қақтығыстар жүріп жатқан қазіргі кезде оларға қандай да бір қорлар мен құрылымдардан ақша төленуі де мүмкін.

Жуырда өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде былтырғы 11 айдың ішінде екі ел арасындағы сауда айналымы 17 миллиард долларға жеткенін айттым. Бұл – маңызды көрсеткіш. Біз Қытаймен арадағы сауда-экономикалық, инвестициялық серіктестікті одан ары дамытуға мүдделіміз.

Қытайды тануымыз және қытай тілін үйренуіміз керек. Әрине, бұл «ақ жалау көтеріп, алдынан шығу» деген сөз емес. Біз Қытайдың үлкен әрі ұлы мемлекет екенін және екі елдің өте жақсы қатынаста болуы керектігін түсінгеніміз жөн. Ал, АҚШ-тың қазіргі әлемде маңызды рөл атқаратыны баршаға мәлім. Біз энергетика саласы мен ядролық қаруды таратпау мәселесі бойынша әрқашан ынтымақтастықты дамыту бағытын ұстандық. Қазақстан бұл бағытты жалғастыруға дайын.

– Сіз шынымен де мемлекет мүддесін жеке қарым-қатынасыңыздан жоғары қоясыз ба?

– Осы соңғы оқиғалар мемлекеттің мүддесін бәрінен жоғары қоятынымды көрсетті деп ойлаймын. «Платон – менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген сөзді көпшілікке ұнау үшін айтқан жоқпын. Бұл бос сөз емес. Шын мәнінде, Президент үшін мемлекеттің мүддесі қашанда бәрінен жоғары тұруы керек деп есептеймін. Менімен жақсы қарым-қатынастағы адамдардың да құлағына алтын сырға. Егер таразы басында мемлекеттің мүддесі тұрса, онда мен бұл қатынаста бар тартуға тиіспін.

– Адам турғыдан қиын ғой. Олай істеу мүмкін бе?

– Мемлекет басшысының міндеті – аса күрделі шешімдер қабылдау. Біз бүгін құқық қорғау органдарына қарулы бандиттерге байланысты берген бұйрығым туралы айттық. Әрине, мен өзіме және беделіме нұқсан келтіретін шешім қабылдадым. Әлемдік қауымдастық алдында мінсіз тұлға болып, қол алысып, сөз сөйлеп жүре берген, әрине жақсы. Ал сыңға ұшыраған оңай емес. Сөз мемлекеттің қауіпсіздігі туралы болып отыр. Ең алдымен, өз азаматтарымыздың амандығын ойлаған абзал. Бұл мәселе үнемі Президенттің жадында болуы керек.

– Жұртшылықтың басым көпшілігі еліміздегі тәртіпсіздіктер мен іске аспаған төңкеріс кезіндегі Сіздің шешімдеріңізді қолдады. Жақсы база беріліп жатыр. Қазақтың бір ақыны сізге өлең арнады. Біз осы бәз-баяғы қалпымызда жүрген жоқпыз ба? Мұндай жағдайды бастан өткердік қой. Жалты, мадаққа қалай қарайсыз?

– Мен бұған қарсымын. Өйткені мақтау, мадақтау сөздері мүлде жоқ ортада өстім. Мен мұндай жағдайларды қолдамаймын. Мақтау сөздерге табиғи иммунитетім бар дей аламын. Бірақ, біздің кейбір зиялы қауым өкілдерінің көзқарасын өзгерту оңай емес. Әрине, олар мүлде басқа ортада өсті. Мақтау сөздер мен мадақтың еш қажеті жоқ.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы, бүгінгі сұхбатыңыз үшін алғысым шексіз. Бәріміз қызығы мен шынығы көп уақытта өмір сүріп жаттырымыз. Қазақстанның бірде-бір тұрғыны жауапкершіліктен қашпайды. Өйткені, қазір мұны біз үшін біреу істейді дейтін заман емес. Бәріміз үшін елімізді жақсы жағдайға қарай өзгертетін, жайлы өмір сүруге ұмтылдыратын оңтайлы сәт туды деп ойлаймын.

– Өмірге деген осындай оптимистік көзқарасыңыз үшін рахмет.

– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да рахмет айтамын.

Әнгімелескен Вера Захарчук, журналист.

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы әкімдігі қаулысы
2022 жыл Ақтоғай ауылы

«Жария сервитутты белгілеу туралы»

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Ақтоғай ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес «Сатурн-2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне пайдалы қазбаларды барлау үшін, жалпы көлемі 32,00 гектар жер учаскесін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2026 жылдың 14 шілдесіне дейін жария сервитут белгіленсін.

2. «Ақтоғай ауданының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтоғай ауданы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақтоғай ауданының әкімі С.Әбеуова

Ақтоғай ауданы әкімдігінің 2022 жылғы № қаулысына қосымша

Атауы	Жария сервитут белгілеудің жалпы алаңы, га	Оның ішінде	
		ауыл шаруашылығы алқаптары, жайылым га	Өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері га
Р.Мусахановтың «Ақсу» шаруа қожалығының жерлері (09-102-006-207)	32,00	32,00	0
Барлығы	32,00	32,00	0

Постановление акимата Ақтоғайского района Карагандинской области
2022 г. село Ақтоғай

«Об установлении публичного сервитута»

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат Ақтоғайского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Установить публичный сервитут сроком до 14 июля 2026 года, без изъятия земельного участка у собственников и землепользователей товариществу с ограниченной ответственностью «Сатурн-2020», на земельный участок общей площадью 32,00 гектара для разведки полезных ископаемых, согласно приложения к настоящему постановлению.

2. Государственному учреждению «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства Ақтоғайского района» принять меры, вытекающие из настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима Ақтоғайского района по курируемым вопросам.

4. Настоящее постановление вводится в действие со дня его первого официального опубликования.

Аким Ақтоғайского района С.Әбеуова

Приложение к постановлению акимата Ақтоғайского района № от «» 2022 года

Наименование	Общая площадь установления публичного сервитута, га	В том числе	
		сельхоз угодий, пастбища га	Земли промышленности, транспорта, связи га
Земли крестьянского хозяйства «Ақсу» Мусаханов Р. (09-102-006-207)	32,00	32,00	0
Всего	32,00	32,00	0

Ақтоғай ауданы бойынша 2022 жылғы аудан, кент, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің елді мекендердегі тұрғындармен есеп беру кездесуін өткізу кестесі

№	Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі	Лауазымы	Елді мекеннің атауы	Өтетін күні	Уақыты, орны
1	Бакиров Қанат Санатұлы	Айыртас ауылдық округі әкімі	Айыртас елді мекені	07.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
2	Мұқатай Дархан Серікұлы	Қусак ауылдық округі әкімі	Қошқар елді мекені	07.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
3	Тұрғанбеков Қайыржан Бауыржанұлы	Абай ауылдық округі әкімі	Абай елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
4	Имангазин Аскар	Қарабұлақ ауылдық округі әкімі	Ақшкөл елді мекені	07.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Дуанши елді мекені	07.02.2022 ж.	10.00 Елді мекен
			Қарасу елді мекені	07.02.2022 ж.	16.00 Елді мекен
5	Крқруов Сейтқали Бейсембаевич	Ортадересін ауылдық округінің әкімі	Нарманбет елді мекені	08.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
			Ст. Ортадересін елді мекені	07.02.2022 ж.	10.00 Елді мекен
			Ақжайдақ елді мекені	08.02.2022 ж.	15.00 Елді мекен
6	Серіков Данияр Базарбекұлы	Шашубай кентінің әкімі	Ортадересін елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
			Шашубай кенті	09.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
			Тораңғалық елді мекені	10.02.2022 ж.	10.00 Клуб үйі
7	Боран Ардақ Серікұлы	Тораңғалық ауылдық округінің әкімі	Тасарал елді мекені	10.02.2022 ж.	15.00 Клуб үйі
8	Сейтов Нұржан Саулебайұлы	Тасарал ауылдық округінің әкімі	Сарышаған кенті	11.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
9	Тоимбеков Ануар Сулейманович	Сарышаған кентінің әкімі	Ақтас елді мекені	14.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
10	Азирова Қайрат Азирулы	Қараменде би ауылдық округі әкімі	Куаныш елді мекені	11.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
			Қаратал елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Мектеп залы
11	Құдайбергенов Жантемір Есбергенұлы	Нүркен ауылдық округінің әкімі	Ақсенгір елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Жидебай елді мекені	10.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Жалантөс елді мекені	11.02.2022 ж.	11.00 Мектеп залы
			Нүркен елді мекені	15.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
			Жетімшоқы елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
12	Серкебаев Қанат Рахметоллаұлы	Сарытерек ауылдық округінің әкімі	Ақтұмсық елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Кенелі елді мекені	10.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Сарытерек елді мекені	15.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
13	Мәкенбаев Мейірбек Әзімханұлы	Кежек ауылдық округінің әкімі	Ақши елді мекені	16.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
14	Төлепбеков Марат	Жидебай ауылдық округінің әкімі	Жаланапаш елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
			Қарақой елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Мектеп залы
			Үшарал елді мекені	10.02.2022 ж.	15.00 Клуб үйі
			Сауле елді мекені	16.02.2022 ж.	15.00 Клуб үйі
15	Құдашбаев Жарқын Зейноллаұлы	Шабанбай би ауылдық округінің әкімі	Шабанбай би елді мекені	17.02.2022 ж.	11.00 Клуб үйі
			Сона елді мекені	08.02.2022 ж.	11.00 Мектеп залы
			Қасабай елді мекені	09.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
			Бөгазы елді мекені	10.02.2022 ж.	11.00 Елді мекен
16	Спанов Серікбол Армияұлы	Қызылжар ауылдық округінің әкімі	Ақжарық елді мекені	17.02.2022 ж.	16.00 Клуб үйі
17	Болғанбаев Қайыр Нығметоллаұлы	Ақтоғай ауылының әкімі	Ақтоғай ауылы	18.02.2022 ж.	11.00 Мәдениет үйі
18	Әбеуова Салтанат Мірәсілқызы	Ақтоғай ауданының әкімі	Ақтоғай ауылы	25.02.2022 ж.	11.00 Мәдениет үйі

Ескерту: Санитарлық ахуалға байланысты есеп беру кездесу жиындарының уақыты мен форматы өзгерген жағдайда қосымша хабарланады.

Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты.

Дін – бірліктің діңгегі

Бірлік пен келісім – Қазақстан дамуының негізі

«Бірлігі жарасқан», «Бірлігі бекем», «Бірлік бар жерде, тірлік бар» деген қағидаларды, қанатты сөздерді шұбыртып айта беруге болады. Ол – бірлік сөзінің тек жақсылыққа, татулыққа, келісімге шақыратындығын танытса керек. Біздің көпұлтты еліміздің өркендеп, өсіп, озық отыз елдің қатарынан көрінеміз деген ұстанымы да – осы бірліктің арқасы. Бірлік пен келісім – ел дамуының негізі.

Қазақстан – әлемдегі саяси тұрақтылығы бекем елдердің бірі. Біздің елімізде сан ұлттың өкілі татулық пен достықтың буынын бекітіп, әлемдік дамудың көшбасшысы болуға ұмтылып келеді. Осы тұрғыда мемлекеттің бірден-бір алға қойып, мақтанар айнасы – этносаралық татулық. Киелі қазақ шаңырағына уық болып қадалған өзге этнос өкілдері «Қазақстан – достық пен татулықтың шынайы мекені» дегенді ұранға айналдырған. Ұлтаралық татулықты нығайтуға Қазақстанда тұрып жатқан әр ұлттың өкілі келешек ұрпағымыз үшін этносаралық достықтың, конфессияаралық түсіністіктің қаймағы бұзылмауына еңбек етіп, атсалысады. Мемлекет басшысы Қазақстандағы тұрақтылықты сақтаудың алғы шарты ретінде бірінші кезекте экономиканы өркендетудің қажеттілігін алға қойған. Сол себепті «Алдымен экономикаға» қағидасын ұстана отырып, экономиканың әр саласында білек сыбана қызмет істеп жүрген барлық этностың басын қосып, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы өзге халықтарға үлгі-өнеге бола білді. 2008 жылы қабылданған «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңда Ассамблеяның негізгі міндеті этносаралық келісімді қамтамасыз ету болса, енді оның міндеті кеңейді. Тек қана этнос пен этностың тату тұруы емес, жалпы қоғамдағы келісім және жалпыұлттық бірлік – басты мақсат.

Енді Ассамблеяның статусы бұрынғыдан да көтерілді. «Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас

болашақ. Мен барша қазақстандықтарды ұлттаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға шақырамын» деген Мемлекет басшысының сөзі жайдан-жай айтыла салған сөз емес, салмақты, сана сілкілентер сөз. Бірлік пен келісімнің арқасында бүгінгідей мамыражай тіршілік кешіп, құда-жекжатты болып, туысқа айналдық. Кейбір білімі таяз, түсінігі төмен адамдардың кесірінен кейде түкке тұрмайтын тұрмыстық ахуалдарды ұлттық мәселе етіп көрсететін «оқаман» әдеттен арыла алмай келе жатқанымызды жасыруға болмас. Бірлік пен келісім ел дамуының бастауы болды. Киелі қазақ жерінің көркеюі, бейбітшілік пен келісім – біздің басты байлығымыз. Біз де барлық отандастарымыз секілді күнделікті адал еңбегімізбен туған ауылымызды көркейту жолында аянбай еңбек етіп келеміз. Ауылымыздың аты жақсы деп аталса, төбеміз көкке жеткендей қуанамыз. «Йтің жаман екен» десе, өкпелейтін халықпыз. Сондықтан, туған жеріміздің сұлу, көркем, ең бастысы таза болғандығын, ондағы тұрғындардың бір-бірімен тату-тәтті өмір сүруін қалаймыз. Күрделі міндеттерді шешудің негізі бірлікте екендігін жадымыздан еш шығармай, достық пен келісім арқылы ғана Қазақстанды биік белестерді бағындыратын еңселі мемлекетке айналдыра аламыз. Бірлік пен келісім – Қазақстан дамуының негізі. Егер осы қасиеттер бойымызда болмаса, әрқайсысымыз өз білгенімізше сан-саққа, жан-жаққа тартар болсақ, онда тұрақтылық та, бейбітшілік те, достық та болмайды. Әр адам туған жеріне тағзым етіп, оның өркендеуіне үлес қосқанда, қасындағы көршісіне қолғабыс көрсеткенде, бір-біріне бауырмалдық танытқанда ғана бірлігі жарасқан, келісімі келіскен ғажайып елге айналамыз. Дамудың төте жолы бірлік пен келісімде. Олай болса, жолымыз айқын, ұстанымымыз анық, татулығымыз мықты ел екенімізді дәлелдеудің қажеті бола қоймас.

Ақтоғай аудандық ішкі саясат бөлімі.

Тәуелсіздік – тұғырым

«Тәуелсіздік» деген осынау тарихқа тұнған ұлы сөзді естігенде әрбір жанның жүрегінде үлкен сезім орнайды. Себебі, сонау алмағайып кезеңдерде қазақ елі үшін қымбатқа түскен, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы болған осы тәуелсіздік еді. Біз бұл кезеңдерді көзбен көрмесек те, қазақтың таңғажайып тарихын, деректерді естіп, оқу арқылы біле аламыз. Мұндай қол жетпес

Тәуелсіздікті қастерлеу-парызымыз

бақытқа жету жолында Алаш ардақтыларының басын бөйгеге тіккені, Желтоқсан оқиғасына қатысқан қайсар да, батыл аға-апаларымыздың көрсеткен ұмытылмас ерліктері көз алдымызға елестейді.

Арман болған азаттықтың елімізге өкелген жоғарғы жетістіктері жанымызды жадыратады. Солардың бірі, әлемнің алпауыт елдерінде өтіп келе жатқан ЕХРО көрмесінің өзіміздің елордамызда аталып өткені. Мұндай биік белестер Қазақстандай жас елдің еркіндікпен қатар күн санап өркендеп келе жатқанын аңғартады. Ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздіктің асыл құсын ұшырып алмай, берік ұстау бүгінгі ұрпақтың қолында. Сондықтан, егеменді еліміздің тарихын терең түсініп, қастерлей білу баршамыздың міндетіміз деп білемін.

Біз бақыттымыз! Себебі, біз тәуелсіз елдің ұрпақтарымыз!

**Еркеназ Ақжолтай,
«Ж.Кеңесбаев атындағы ЖББ мектебі»
КММ-нің оқушысы.**



Дені саудың – жаны сау

Pfizer туралы не білу керек?

COVID-19 - дан қорғанудың жалғыз тиімді әдісі - иммундау. Pfizer вакцинасын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДСҰ) 12 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді, жүкті және бала емізетін аналарды вакцинациялау үшін ұсынып отыр.

Қазіргі уақытта әлемнің 20-дан астам елінде 12 жастан бастап, жекелеген елдерде 3 жастан бастап (Қытай) және 5 жастан бастап (АҚШ) жасөспірімдерге вакцинация жүргізілуде.

Pfizer вакцинасы үш санатқа жататын адамдарға: 12 жас пен 17 жас 11 ай 29 күн аралығындағы балалар, 16-37 апта аралығындағы жүкті әйелдер мен босанғанынан 42 күн өткен әйелдерге арналған. Жүкті әйел вакцина алса, баласы коронавирусқа қарсы иммунитетпен дүниеге келеді. Ол вакцина кезінде тырысқақ, туберкулез сияқты індеттерді жеңуге көмектеседі.

Вакцинаның қауіпсіздігі мен тиімін қамтамасыз ету үшін сақтау мен тасымалдаудың әртүрлі деңгейлерінде "суық тізбек" қамтамасыз етіледі. Pfizer өндірісінің вакцинасы минус 60-90 градус температурада облыстық денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларында сақталады.

Білім беру ұйымдары мен медициналық ұйымдардың егу пункттерінде күнтізбелік 31 күнге дейінгі мерзімге плюс 2-8 градус температурада сақталады.

Pfizer вакцинасын салдырғандар да ревакцинациядан өтуі керек, яғни үшінші доза салдырады. Pfizer вакцинасын салдырғандар алты айдан кейін ревакцинаға бара алады. Үшінші доза ретінде оларға инактивті (Sinopharm, CoronaVac, Nauat-Vax, QazCovid-in) немесе векторлық (Спутник V) вакцина салдыру ұсынылған.

Біздің елде пайдаланылатын КВИ-ге қарсы вакцинаның құрамында бүтін тірі вирус жоқ, сондықтан енгізілген вакцина КВИ-мен сырқаттануды тудыруы мүмкін емес. Вакцинада антиденелер пайда болатын коронавирустың бір ғана бөлігі бар. Кейіннен инфекция жұқтырған жағдайда, бұл антиденелер вакцинадағы осы бөлшек арқылы бүкіл табиғи вирусты танып, оны жояды.

Осыған байланысты КВИ-ге қарсы вакцинацияланған адам вакцинадан инфекция жұқтыруы мүмкін емес және КВИ-ге қарсы вакцина алғандықтан айналасындағыларға жұқпалы болуы

мүмкін емес.

Вакцинация жүргізу алдында медицина қызметкері артериялық қысымды, сағурацияны, температураны өлшей отырып, жасөспірімге медициналық қарап тексеру жүргізеді, тері жабындары мен көрінетін сілемейлі қабықтарды қарап тексереді және жалпы жай-күйін бағалайды.

Шағымдар мен клиникалық көрсеткіштер анықталған кезде жасөспірім қосымша зертханалық-аспаптық зерттеулерге жіберіледі. Көрсеткіштер бойынша салалық мамандардың консультациясына



жіберілуі мүмкін.

Диспансерлік есепте тұрған жасөспірімдер емдеуші дәрігерден консультация және рұқсат алғаннан кейін КВИ-ге қарсы вакцинациялауға жіберіледі. Жасөспірімде созылмалы аурулар болған кезде, ремиссия кезеңінде вакцинация жүргізіледі.

Пфайзер өндірген вакцинамен вакцинациялау алдында:

- Ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен 12 жастан 18 жасқа дейінгі егілетін адамға тексеру және сұрау жүргізіледі;
 - иммундауға қарсы көрсеткіштер болмаған жағдайда, егуді жүргізуге рұқсат ресімделеді;
 - егілетін адамға және/немесе оның ата-анасына (заңды өкіліне) профилактикалық егу, ықтимал реакциялар мен иммундаудан кейін жағымсыз жайттар, егуден бас тарту салдары туралы толық және объективті ақпарат беріледі;
- Вакцинациядан кейін:

Вакцинацияланған адам вакцинациядан кейін 30 минут ішінде вакцинаны алған жерде медицина қызметкерінің бақылауында болады. Вакцинациядан кейін келесі күтілетін реакциялар болуы мүмкін:

• Инъекция орнындағы ауырсыну, ісіну, шаршағыштық, бас ауруы, бұлшықет ауыруы, буын ауыруы, қалтырау, диарея, қызба; аталған реакциялардың кейбірі 12-15 жас аралығындағы жасөспірімдерде ересектерге қарағанда біршама жиі кездескен;

- инъекция орнындағы қызару, жүрек айну, құсу;
 - лимфа түйіндерінің ұлғаюы, өлсіздік, қолдың ауыруы, ұйқысыздық, инъекция орнындағы қышу, бөртпе немесе қышу сияқты аллергиялық реакциялар және т.б.
- Иммундаудан кейін жағымсыз салдарлар туындаған жағдайда медициналық көмекке жүгіну қажет.

"Пфайзер" өндірісінің

вакцинамен вакцинациялау кестесі:

- 1 дозасы – кез келген нөлілік күн;
- 2 доза – бірінші дозаны алғаннан кейін 21-ден 28 күнге дейінгі аралықпен.

Вакцинацияның артықшылықтары:

- Инфекцияның ауыр ағымы мен асқынуының алдын алады;
 - егілгендерді ғана емес, айналадағыларды да (ағалар, апалар, туыстар) қорғайды;
 - "ұжымдық иммунитетті" қалыптастырады;
 - иммунизациядан кейін алынған "вакцинация паспорты" сіздің сапарыңызды жеңілдетеді.
- КВИ-мен ауырып жазылған адамдар сауыққаннан кейін 6 айдан соң, вакцинациялау алдындағы жай-күйін бағалауды ескере отырып, КВИ-ға қарсы вакцинациялауға жатады. КВИ-мен ауырып жазылған адамдарды сауыққаннан кейін 3 айдан соң вакцинациялауға жол беріледі.

Ақтоғай аудандық орталық ауруханасы.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **8 (710 37) 2-12-65** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін **8 (71037) 2-10-44** нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Алғыс білдіреміз

Жарқыраған күн көлеңкелі болатыны сияқты адамның өмірі де бірде қуанышты болса, бірде қайғысымен алмасады екен.

Ардақты бауырларымыз Нұрмағанбетова Шарбат Елубайқызы мен Нұрмағанбетов Қанат Елубайұлы фәниден бақиға озғанда ақтық сапарға шығарып салуда біздің қайғымызға ортақтасып, көмек қолдарын ұсынып, демеу берген аудан халқына, Қазынашылық басқармасының ұжымына, құда-жекжат, туған-туыстар мен көршілерге, жора-жолдастарымызға және әріптестерімізге шынайы алғысымызды айтамыз. Сіздерге Алла разы болсын. Еңбектеріңізге жеміс, отбастарыңызға амандық тілейміз.

Нұрмағанбетовтер әулеті.

Стамқулова Загия 2021 жылдың 1 қыркүйегінде қайтыс болуына байланысты мұралық іс ашылды. Мұрагерлер өзінің мұрагерлік құқығын рәсімдеу үшін Ақтоғай ауданы, Ақтоғай ауылы, Ержанов көшесінде орналасқан 1 үй мекен-жайы бойынша, Ақтоғай ауданының нотариусы Ежебаев Мейрамбек Абикенулына хабарласуына болады.

Еске алу

Жидебай ауылының тұрмасы, марқұм ардақты Мерғазы әкеміздің асыл жары **Едебекқызы Секер** анамыздың өмірден өткеніне 40 күндей болды. Сырғыған уақыт анамызды арамьздан қанша алыстатса да, біз үшін орны толмас асыл жанның жарқын бейнесі жадымыздан өшер емес.



Елге сыйлы жан едің мақтанатын,
Шуағыңнан бар бала бақ табатын.
Қанатыңның астына «Мама» деп кеп,
Жаныңнан рух алып аттанатын.
Жүзіне нұр сипатты шырай дарып,
Жүретін жан едің ғой, Құдайға анық.
Жарыққа үймелеген көбелектей,
Жаныңнан кете алмаушы ек шыр айналып.
Көңілің бар көп десе тарылмаған,
Деуші едіңіз бәрін де: «Жаным, балам».
Анасың сен көңілі жаз жайлаудай,
Қазаныңнан қазынасы арылмаған.
Сағындық қой!
Тарқар ма сағым мынау?
Бәрі іздейді, менің де жаным – құрау.
Қырық күнде болдым ғой қырық бөлек,
Ақылшым-ау, қамқорым, сабырлым-ау!
Ұстаздарым Меккеде тілеп дұға.
Құран хатым түсірді шәкірт, молла.
Ақыретте Раббыңның дидарын көр,
Сегіз жұмақ қақпасын ашсын Алла.

Еске алып, құран бағыштаушылар: баласы – Мерғазыұлы Данияр, бауырлары, балалары, немерелері.

Анамыздың 40 күндік асы Қарағанды қаласындағы «Қарқаралы» мейрамханасында 12 ақпан сенбі күні сағат 13.00-де берілетінін хабарлаймыз.

Еске алу



Қамшының сабындай қайран тірлік бір күні шарт сынары әмбеге аян. Өмірдің өзі күшті болғанымен, өтетіні өкінішті. «Тумақ бар жерде – өлмек те бар»—дейді шариғат сөзі. Шіркін, бәрі орнымен, бәрі ретімен келсе – өкініштің өзені тасып, қайғының қара жаңбыры жаумас еді ғой.

Арамызда күліп-ойнап, жарқылдап жүрген **Рысмағанбетов Нұржан Шакижанұлы**на қапыда айырылып қалғанымызға да 30 жылдың жүзі болды. «Асқар тау алыстаған сайын биіктейді» дегендей, арада осынша жыл өтсе де, бауырымыздың аңқылдаған ақпейілді жарқын келбеті көз алдымызда күні кешегідей сақталып қалған. «Жазмыштан озмыш жоқ» деген. Көрмеген қызығы мен жасамаған жасын Алла артындағы ұрпақтарына, отбасына нәсіп етсін дейміз. Қараңғы жері жарық, жатқан жері жайлы болып, жәннатта нұры шалқысын деп дұға бағыштаймыз. Байсалды едің, мінезің ақ, қадірің кең, Әулетіңді еріткенсің шуағыңмен. Қабіріңді нұр жаусын ел дұғасы, Алланың шапағаты шуағымен.

Еске алушылар: Шакижановтар әулеті.

Ақтоғай аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы **Нұрмағанбетов Қанат Елубайұлының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Ақтоғай аграрлық-техникалық колледж» КММ ұжымы колледж директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары **Нұрмағанбетова Гүлнарға** ағасы **Нұрмағанбетов Қанаттың** қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауданы, Жидебай ауылының тұрғыны, құрметті асқар таудай әкеміз **Сағынаев Боранбай!** Сізді 7 ақпан күні 70 жасқа толатын мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге мол қажыр-қайрат, зор денсаулық, бақ-береке тілейміз. Бақытты ғұмыр кешіп, әрдайым балаларыңыздың, немере, жиен, шөберелеріңіздің қызығын көріп, ортамызда ойнап-күліп, қартаймай жүре беріңіз. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз артып, осынау меншікті мерекенізде сізге болаттай берік, темірдей төзім, толайым табыс тілей отырып, анамыз екеуіңіз еш жаманшылық көрмей, жүздеріңізден күлкі кетпей, бір жастықта қартаюды Алла нәсіп етсін дейміз.

Шаттық сыйлап арайлы әр тандарыңыз,
Қызыққа тола берсін жан-жағыңыз.
Ұлағатты ұрпақтан қызық көріп,
Орындалсын бүгінгі арманыңыз.

Ігі тілекпен: жұбайыңыз – Рымкүл, балаларыңыз – Қанат-Гүлмира, Гүлмира, Еркебұлан-Жазира, Гүлнұр, немерелеріңіз, жиендеріңіз, шөберелеріңіз.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті де қадірлі **Сейдахметов Мақат Асқарұлы!** Сізді ақсақалдық жас – 60-қа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Шаңырағамыздың алтын діндегі, қорғаны болып отырған ардақты жанға зор денсаулық, ұзақ өмір, баянды бақыт тілейміз. Балаларыңыздың қызық-қуанышын Күләшпен бірге көре беріңіз. Көңіліңіз шаттық пен қуанышқа, жанұяңыз бақ пен берекеге толсын. Немерелеріңіздің қызығына тоймай, шөбере көріп, ортамызда аман-есен, әлі де биік белес, асулардан аса беруге жазсын.

Басыңыздан бақыт құсы кетпесін,
Қуаныш пен шаттық сізге көп келсін.
Мерейіңіз әрқашанда биік боп,
Ұрпағыңыз гүлдей жайнап көктесін.

Тілек білдірушілер: Сейдахметовтер әулеті.

Құттықтаймыз!



Құрметті де қадірлі **Шайхина Құралай Әсетқызы!** Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Жүзіңізден шуақ кетпей, бала-шағаныңдың ортасында күліп-ойнап, шаттыққа кенеліп, бақытқа бөленіп, ұзақ жасай беріңіз. Әр қадамыңыздың қарымды болуына, қоғам алдында абыройыңыздың арта беруіне тілектеспіз.

Мерейтой мерекелі, құтты болсын,
Бойда қайрат, денсаулық, қуат болсын.
Өмірде арманыңыз орындалып,
Бала-шаға, отбасыңыз аман болсын!

Тілек білдірушілер: Қанатбай-Мейрамгүл, Қайырбек-Лиза, Болат-Әйкен, Алшынбек-Мейрамгүл, Самат-Сымбат, Тілеукең-Гүлнар.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, құрметті досымыз **Сейдахметов Мақат Асқарұлы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейлі туған күнінiзбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге зор денсаулық, мол бақыт, отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға құт-береке тілейміз. Отанасы Күләш екеуіңіз жұптарыңыз жазылмай, бала-шаға, немерелеріңіздің қызық-қуаныштарына тоймай, өмірдің биік шыңдарынан сүрінбей өте беріңіздер. Әр уақытта өз орталарыңыздың қадірлісі, сыйлысы болып, берекелі де мерекелі ұзақ өмір сүруді нәсіп етсін. Жасыңызға жас қосылып, еңбегіңіздің тек зейнетін көріңіз. Әрдайым ортамызда мәртебенің биіктеп, әлі талай белестерді бағындыра беруіңізге тілектеспіз.

Тілейміз бақытты өмір, ашық аспан,
Жалғанда тілек бар ма одан асқан.
Аман боп жанұян мен туыстарың,
Жалғансын ақ тандарың нұрын шашқан.

Ізгі тілекпен: Саят, Еламан, Дулат М., Дулат Қ., Қайрат, Темірхан, Маржан, Алтын, Ғабит, Төлөнді.

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, әріптесіміз **Сейдахметов Мақат Асқарұлы!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толу мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығайуына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей. Өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Таңдаған жолыңызды абыроймен жалғастырып келе жатқан тамаша балаларды тәрбиелеп, өсірдіңіз. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз.

Құтты болсын 60 деген жасыңыз,
Қуаныштың кемерінен тасыңыз.
Әрқашанда мықты болып денсаулық,
Қажымастан жүзден әрмен асыңыз.

Ізгі тілекпен: Ауыл шаруашылығы бөлімі мекемесінің ұжымы.

Құттықтаймыз!

Ақтоғай ауылының тұрғыны, сыйлы да қадірлі досымыз **Сейдахметов Мақат Асқарұлы** асқаралы 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Талай жыл бірге жүріп, қатар сыйласып келе жатқан абзал досымыз – жаны жайсаң, мінезі жайдары, көпшіл, адамгершілігі зор, аптал азамат.

Жас кезімізден бірге жүріп, бірге түлеген, қатар жасап, сыйласып келе жатқан сыйлы дос, абзал азаматқа өмірдің нұр шуағын, бақ-берекесі мен шаттық мерекесін тілейміз. Бала-шаға, немеренің қызығына тоймай, өмірдің бар жақсылығы мен игілігін көріп, бақыттың шуағын сезініп, абыройға бөленіп жүре бер дейміз. Жыл сайын өрге басып, көкейдегі ізгі арман-мақсаттарға талмай жетіп, жаныңызды шаттық сезім керней берсін. Қашанда жүзіңізден бақыттың нұрын көріп, айтулы да арайлы күндерді бірге қарсы ала берейік.

Өмір бойы келеміз қатарласып,
Амандықта жүрейік, дидарласып.
Ақ тілек жадыратып бөрімізді,
Осындайда күлейік, құттықтасып.
Ізгі тілекпен: Рымбек-Роза, Ақжол.

Қоғамдық тыңдау өткізіледі

«Тастемір» жол-құрылыс кәсіпорны» ЖШС Бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының жерлерінде L-43-29 (10г5г-24) блогының шекарасы шегінде орналасқан Сары-құм 2021 учаскесінде кең таралған пайдалы қазбаларды барлау жоспарына ҚОҚ жобасын жария талқылау нысанындағы қоғамдық тыңдаулар жүргізілетіні туралы хабарлайды. Өткізу мерзімі 11.02.2022 ж. - 25.02.2022 ж.

Белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы – «Тастемір» жол-құрылыс кәсіпорны» ЖШС. Қазақстан Республикасы, Балқаш қ., Ержанов к-сі, 99 үй.

Құжаттаманы өзірлеуші – «Сарыарқа ЗемГеоПроект» ЖШС. Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Күмісбеков көшесі, 8/35.

Құжаттама Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecportal.kz/> орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық портал <https://ecportal.kz/> арқылы қабылданады.

Жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты saryarka.zemgeoproekt@mail.ru, тел.: 87071011409 арқылы алуға болады.

ТОО «Дорожно-строительное предприятие «Тастемир» сообщает о проведении на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>) общественных слушаний в форме публичных обсуждений проекта РООС к Плану разведки общераспространенных полезных ископаемых на участке «Сары-кум 2021», расположенном на землях Ақтоғайского района, Карагандинской области, в пределах границ территории участка недр блока L-43-29 (10г5г-24).

Срок проведения с 11.02.2022 г. – 25.02.2022 г.

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «Дорожно-строительное предприятие «Тастемир». Республика Казахстан, г.Балхаш, ул.Ержанова, дом 99.

Разработчик документации – ТОО «Сарыарқа ЗемГеоПроект». Республика Казахстан, г.Нур-Султан, ул.Күмісбекова 8/35.

Документация размещена на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>

Замечания и предложения принимаются на Едином экологическом портале <https://ecportal.kz/>

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности можно получить: saryarka.zemgeoproekt@mail.ru, тел.: 87071011409.

Құрылтайшы: **ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА**

Директор-Бас редактор: **Г.ЕЛЕУСИЗОВА**

Меншік иесі: «Ақтоғай ажары» газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №КЗ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы **Думан ҚАБЫЛ**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абау көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39

Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 бетмен асқан материалдар қабылданбайды.

